

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын құру жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 24 тамыз N 1303

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын құру жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын құру және болашақ ұрпақ үшін алғашқы жинақтауларды қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының мәселелері бойынша заңнамалық кесімдерді әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Ведомствоаралық комиссия) құрылсын.

2. Ведомствоаралық комиссия жұмыс органының функциялары Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

3. Ведомствоаралық комиссия 2000 жылдың 1 қарашасына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қызметін қамтамасыз ететін заңнамалық кесімдердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының бастапқы тиісті қаражатын қалыптастыру жөнінде шаралар қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы қаулының 4-тармағына сәйкес түсетін қаражатты шоғырландыру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотын ашсын және көрсетілген шоттың қаражатын Қазақстан Республикасы Ұлттық

Банкінің депозиттеріне орналастыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Б.Өтембаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2000 жылғы 24 тамыздағы
N 1303 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының мәселелері бойынша
заңнамалық кесімдердің жобаларын әзірлеу жөніндегі
ведомствоаралық комиссияның құрамы

Өтембаев Ержан - Қазақстан Республикасы Премьер-
Әбілқайырұлы Министрінің орынбасары, төраға

Жәмішев Болат - Қазақстан Республикасының
Бидахметұлы Қаржы бірінші вице-министрі,
төрағаның орынбасары

Келімбетов Қайрат - Қазақстан Республикасы
Немәтұлы Стратегиялық жоспарлау жөніндегі
агенттігінің төрағасы (келісім
бойынша)

Жолдасбеков Азамат - Қазақстан Республикасы Бағалы
Мырзаданұлы қағаздар жөніндегі ұлттық
комиссиясының төрағасы (келісім
бойынша)

Тәжияқов Бисенғали - Қазақстан Республикасының
Шамғалиұлы Ұлттық Банкі төрағасының
орынбасары (келісім бойынша)

Аханов Серік - Қазақстан Республикасының
Ахметжанұлы Экономика бірінші вице-министрі

Бозымбаев Қанат - Қазақстан Республикасының
Алдабергенұлы Энергетика, индустрия және сауда
вице-министрі

Құзұтбаева Ажар - Қазақстан Республикасының
Қылымбекқызы Әділет вице-министрі

Нұрпейісов Қайрат - Қазақстан Республикасының
Айтмұхаметұлы Мемлекеттік кіріс вице-министрі

Елеманов Болат - Қазақстан Республикасының
Далдайұлы Инвестициялар жөніндегі агенттігі
төрағасының орынбасары

Котенко Наталья - Қазақстан Республикасының
Леонидовна Премьер-Министрі Кеңсесінің
Экономика бөлімінің меңгерушісі

Сәтқалиева Валентина - Қазақстан Республикасының
Адамқызы Қаржы министрлігі Қазынашылық
комитеті төрайымының
міндетін атқарушы

Бахмутова Елена - Қазақстан Республикасының
Леонидовна Қаржы министрлігі Бюджет
департаментінің директоры

Мамандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.